

## ШЕТ ТІЛДЕРІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ФОРМАСЫНЫҢ БІРІ – ОНЛАЙН-САБАҚ

**Г.Қ. Құрманғали**

Шығыстану кафедрасының  
доцент м.а., филиол.ғ.к.

Қазіргі кезде шет тілін үйренушілердің қатары өте көп. Олар алдарына үлкен мақсат қояды, яғни өте аз уақытта шет тілін үйреніп шығу. Сол арқылы туристік саяхаттарға шығады, басқа елге өмір сүру үшін көшеді, сонымен қатар шетелде білімін жетілдіру мақсатында халықаралық емтихандарға дайындалу үшін қолданады. Тек осы мақсаттарын іске асыру шеңберінде ғана емес, сонымен қатар тілді еркін меңгеру өз бизнесін дамытуға, жаңа таныстар табуға, шетелдік сайттарда сауда жасауға және субтитрсіз үйреніп жатқан тілінде фильмдер мен сериалдар көру үшін де қажеттілігі жоғары деп есептейді. Заман талабына қарай дәстүрлі оқу форматымен қатар қашықтықтан оқыту жүйесі үлкен мәнге ие болып отыр. Технологияның дамыған заманы білім жүйесіне де өз әсерін тигізді. Бүкіл әлемді жайлаған індет білім алушының шетелге тәжірибе алмасуға кеткенде немесе белгілі бір себептерге ғана байланысты ғана қолданылып жүрген желілік оқыту қазіргі таңда дамытуды қажет ететін үлкен сала болып отыр.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз оқытушы мен білім алушының оқу процесіне қатысты барлық компоненттері (мақсаты, мазмұны, ұйымдастыру формалары, оқыту құралдары) бар белгілі бір қашықтықтағы қарым-қатынасын айтамыз және ол интернет-технологиясы арқылы іске асырылады[1,28]. Қашықтықтан шет тілін оқыту кезінде оның оқыту технологиясының құрылымында өзара тығыз байланысты екі компонент болуы керек деп айтады, яғни студенттің іс-әрекетін ұйымдастыра білу және оны бақылау.

Қашықтықтан оқыту формаларының ішінде *чатпен оқытатын сабақ* және *веб-сабақтармен* салыстырғанда *онлайн-сабақтардың* маңызы жоғары. Жеке онлайн-сабақтар бірқатар артықшылықтар ие, атап айтар болсақ:

- білім алушы өзіне ұнайтын оқу орнын таңдау мүмкіндігі;
- оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың жеке сабақ өту мерзімдері мен деңгейін белгілеу;
- үйреніп жатқан тілдік ортаға бейімделу, үнемі сол тілде сөйлейтін адамдармен тілдесіп отыру;

- шет тілін оқушыға ыңғайлы уақытта, кез келген ыңғайлы жерде үйрену мүмкіндігі болу;
- үй жағдайындағы жайлы сабақтар;
- сабаққа зейін қою;
- интернеттегі әдебиеттерге еркін қол жетімділік;
- сабақты кейіннен қайталап көру үшін жазып алу мүмкіндігі;
- өз бетінше жұмыс істей білу, сонымен қатар кез-келген уақытта оқытушыдан кеңес алуға мүмкіндік бар;
- қаржыны айтарлықтай үнемдеу;
- электронды сөздік құрастыруға да мүмкіндікке ие.

Жалпы осындай артықшылыққа ие онлайн-сабақтардың табысты болуы үшін оқытушы мен білім алушының арасындағы басты нәрсе – техникалық құрал және жоғары жылдамдықтағы интернет желісі. Компьютер, веб-камера, наушник, дыбыстауды жақсарту үшін микрофон - бұл заттар дәстүрлі сабаққа қажетті қалам, дәптер, қосымша әдебиеттер сияқты қажетті құралдар болып саналады. Бір жағынан алып қарағанда техникалық құралдарды пайдаланып онлайн сабақ оқу дәстүрлі сабақ face-to-face, яғни бетпе-бет сабақ өтуге ұқсайды. Алайда бұл онлайн сабақ кез-келген қажетті интернет-ресурстарға қолжетімділіктің арқасында озық болып тұрады.

Онлайн-сабақтың басты мақсаты – шет тілін үйренудегі басты мақсат не соны анықтау, алдына мақсат қоя білу, дайындалудың мықты және әлсіз тұстарын айқындау, оқу үшін жеке бағдарлама енгізіп алу. Яғни алғашқы сабақтан кейін мұғалім одан әрі білім алушының өзіне тән ерекшеліктері, қызығушылықтары, алдына қойған мақсатына сәйкес жұмыс жасау үшін тиісті әдістер мен тәсілдерді анықтап алуы тиіс. Шет тілін білу деңгейіне байланысты материалдарды және әртүрлі бағдарламаларды таңдап алуы керек. Бұл онлайн сабақ берудің басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Ал жеке (индивидуалды) сабақ беру үшін коммуникативті (қатысымдық) әдісті қолданған дұрыс. Бұл әдіс – ауызекі сөйлеу және оны есту арқылы қабылдау дағдыларын тез әрі тиімді меңгеруге бағытталған әдіс: «Коммуникативті әдіс шет тілін оқытудағы ең белсенді әдістемелерінің ішінде жетекші орын алады» [2,78]. Аталған әдіс қысқа уақыт аралығында өзі оқып жатқан шет тілінде тез сөйлеуге мүмкіндік береді. Skype, Zoom, Microsoft Teams бағдарламаларында оқытылатын тілде жаңалықтар мен қазіргі кездегі интернет-тапсырмаларды қарап, оларды тыңдауға мүмкіндік мол. Бұл платформаларда сабақ өткенде белгілі бір тапсырманы бірге оқып, көркем әдебиеттерді талдап, соған қатысты жаттығулар кешенін жасауға, жаңа сөздерді жаттауға болады.

Online-сабақтарда тыңдалым дағдысын да ұмытпау керек. Бұл әдіс білім алушыға тілді тезірек үйренуге септігін тигізеді. «Тыңдалым» - «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну дегенді білдіреді. Бұл атаудың ең басты мәні адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік бірліктерді тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу» [3]. Оқытушы тыңдау үшін әртүрлі монологтарды, диалогтарды, әндерден үзінділерді алдын ала дайындап алуы тиіс. Сонымен қатар осы сабақ аясында тыңдағандарын ары қарай жаттықтыратын фильмдерден үзінділер мен қысқаша бейнероликтерді тыңдатуға болады. Шет тілінде әртүрлі фильмдер көру – өз

вокабуларын, яғни сөздік қорын-лексикасын қазіргі ауызекі тілде белгілі бір қалыптасқан сөздермен толықтыру ең тиімді әдістердің бірі.

Қашықтықтан сабақ беру кезінде жазылым дағдысын түрлі тәсілдермен жаттықтыруға болады. Мысалы, араб тілін үйреніп жатқан білім алушыға өткен тақырыптардың біреуіне эссе жазуды тапсыру, сонымен қатар қазіргі кең қолданыстағы жазбаша хабарлама жазуды кеңес беруге болады. Іскерлік шығыс тілін үйрету барысында әртүрлі тақырыптағы іскерлік хаттарды жазуға басымдық берілу керек. Мысалы араб тілінде серіктесіңе қарапайым іскерлік хат жазудан бастап, фирманың қаржылық есебін жаздырумен аяқтауға болады. Бұл үйренушіге барлық салада еркін сөйлеп, жаза алуына көп септігін тигізеді.

Тіл үйренуде адамда ең бірінші тілдік тосқауылды жеңу керек. Ол үшін білім алушы көп сөйлесуді дағдыға айналдыру тиіс, яғни шет тілін үйренудің басты мақсаты – сол тілде тезірек тез сөйлеуді үйрену. Оған қашықтықтан білім алу ешқандай кедергі болмайды. Қашықтықтан өткізілетін әр сабақта оқушыны тезірек сөйлеуіне ынталандыратын түрлі жаттығулар орындату керек. Мұндай тапсырмаларға көріп болған соң өз пікірін айтатын фильмдерді қарау, оны талқылау, мақал-мәтелдің мағынасын талдау және т.б. жатады. Сонымен қатар сөйлесу дағдысын дамыту үшін қысқаша диалогтар, әңгімелер қолайлы, егер оларда қосымша иллюстрациялар болса, ол тіптен тамаша. Ол білім алушының тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады.

Енді онлайн-сабақты қорытындылауға келетін болсақ, бұл кезеңде білім алушының жаңа тақырыпты меңгеру дәрежесін оның жеке қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес сабақ беру әдісіне өзгерістер енгізу мақсатында анықтауға болады. Мысалы, ондай тәсілдердің бірі - дәстүрлі сабақ кезінде де қолданылатын online-тест алу. Офлайн кезінде алатын тесттен айырмашылығы - оның нәтижесін бірден көрсетіп беруі. Бұл баланың психологиясына да әсері болады деп есептейміз. Аталған тест студенттің лексикалық-грамматикалық дағдысын тексеретін ең тез жасалатын формалардың бірі екені белгілі. Яғни, мұнда тіл үйренушінің деңгейі бірден анықталады.

Көптеген білім алушыларға үй жұмысын жасау ұнамайды. Алайда оны тұрақты түрде бақылау студенттің дербестігін және жинақылығын дамытуға көмектеседі. Әрбір онлайн-сабақ өткізген соң оқытушыға білім алушының электронды почтасына немесе Microsoft Teams платформасындағы тапсырма салатын бөліміне электронды түрде үй жұмысын жіберу керек. Білім алушы сол жерде белгіленген уақытта дейін өз бетімен орындап, тексеруге қайтадан салу тиіс. Сол үй жұмысына қарап, келесі сабақтың басында оқытушы оқушының түсінбеген жерлерін түсіндіріп, қатесін түзетеді, сосын тиісті бағасын қояды. Үй тапсырмасын үнемі орындап отырғанын бақылау керек. Бірақ оның жалықтырмайтын әрі көңілсіз болмағаны жақсы.

Жалпы мақсаты мен міндеттері сауатты қойылған, әдістері дұрыс таңдалған желілік сабақ кезінде шет тілін интерактивті оқытудың мынадай оңтайлы жақтары кездеседі:

- оқытушымен қарым-қатынас кезінде ыңғайсыздық сезінбейді. Бұл білім алушының сабақ кезінде өзін еркін ұстауына және нәтижелі оқуына көмектеседі;
- қажет болған жағдайда сабақты ұзартуға немесе керісінше қысқартуға болады. Кейде сабақ уақытын басқа уақытқа ауыстыруға мүмкіндік бар;
- сабақ жақсы көңіл-күйдегі атмосферада өтеді;
- шет тілдерін оқыту үшін ұсынылған бағдарламаларды қатаң ұстанбауға болады;

- оқытушы әртүрлі шетелдік оқулықтардан грамматикалық немесе ауызекі сөйлеуге арналған материалдарды ұсына алады;
- студент онлайн-сабақты жазып алып, бос уақытында қалағанынша тыңдай алады. Бұл материалды жақсы есте сақтау үшін өте тиімді.

Онлайн-сабақ заман талабына сай болу үшін оқытушының материалдары толыққанды болуы керек. Яғни, сабақ басталғанға дейін қолданылатын материалдарын таңдап алу уақытты тиімді пайдалануға көмектеседі. Сабақ кезінде жоғарыда аталған платформалардағы «экранды көрсету» арқылы сол таңдалған материалдар арқылы түсіндіріледі. Ол жерде қажетті видеоларды да қолдануға болады. «Экранды көрсету» тетігінде кәдімгі дәстүрлі сабақта қолданылатын тақта да бар. Сол арқылы сабақты еркін жазып көрсетіледі. Демек сабақ барысында күн ілгері белгіленген материалдарды: отандық және шетелдік баспалардан шыққан PDF-форматындағы оқулықтар, диалогтар, видео материалдар, көрнекі құралдар, оқылым дағдысын дамыту үшін кітаптар қолдану керек. Ол үшін онлайн-сабақта барлық мүмкіндік бар.

Онлайн сабақта да көрнекілік құралдар таңдап қолданылады. Қазіргі кезде тек текстік материалдармен сабақ түсіндіру білім алушыға қызықсыз. Көбіне ойын түрінде немесе дискуссия ретінде өткен сабақ оқушының қызығушылығын арттырады. Кейбір қиын тақырыптың есте қалуы үшін мысалдармен, иллюстрациялармен, т.б. нақтылауға тырысуы керек. Сонымен қатар тілді тез үйрену үшін оқытылатын тілдегі өлеңдер, жаңылтпаштар, әндер, көрнекілік құралдармен жұмыс жасау тілді тезірек меңгеруге септігін тигізеді.

Қашықтықтан оқыту кезінде әртүрлі интенсивті әдістерді қолдану өте тиімді. Мысалы, суггестология әдісін сауатты қолдану мұғаліммен оқушының қарым-қатынасы кезінде түрлі психологиялық кедергілерді айналып өтуге көмектеседі[4,140]. Сонымен қатар шет тілін қашықтықтан оқытатын заманауи педагог оқушының эмоцияларына әсер ету үшін музыка, әдемі пейзаждар қойып бетбелгі (закладка) жасау тиімді болады.

Тек offline-сабақ, яғни дәстүрлі сабақ кезінде ғана емес, тіл үйрену кезіндегі online-сабақта да рөлдік ойындарды қолдану өте маңызды әдістердің бірі саналады. Алайда оқытушы шынайы өмірлік жағдайларға жақынырақ ойындарды таңдау керек: вокзалда, отелде номерді брондау, дүкенде, дәрігерде және т.б. Мысалы, араб тілін Skype, Zoom, Microsoft Teams бойынша үйрету барысында осындай әдістердің комбинациясы тиімді жақтары бар. Ол бойынша бала оқыған текстерін, жаттаған жаңа сөздерін қай жерде қолданып әрі оларды ұмытпай үнемі қолдануға септігін тигізеді.

Алайда онлайн-сабақтың ыңғайсыздық тудыратын тұстары да кездеседі. Ең алдымен оқушының сабақ барысында немен айналысып отырғанын толық бақылау жасауға мүмкіндік жоқ. Сонымен қатар техникалық ақаулықтан көп мәселе туындауы мүмкін:

- байланыстың үзілуі немесе бөгде дыбыстардың пайда болуы;
- интернеттің жылдамдығының аз болуынан сабақ алға жылжып кетеді немесе экранда көрнекілік құралдар көрсетпей қалады;
- бейнебаян өте баяу көрсетуі мүмкін, ол жаңғырыққа және дауыстық хабарламаның кешігуіне әкеледі;

Міне осындай мәселелер қашықтықтан оқытудың тиімсіз тұстары болып табылады.

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылғандардан онлайн-сабақтардағы қиындықтар мен кемшіліктерге қарамастан қашықтықтан оқытудың көптеген артықшылықтары бар. Ол кеңістіктегі кедергілерді жояды, үйреніп жатқан тілін сол тілде сөйлейтіндермен бірге үйренуге

мүмкіндік береді. Білім алушыларға толеранттылық, яғни шыдамдылық, қиын жағдайларда ымыралы шешім іздеуге дайын болуға, басқа адамдардың пікірлеріне құрметпеу қарау сияқты дағдыларын дамытуға көп септігін тигізеді. Қашықтықтан оқыту жастардың кейбір психологиялық мәселелерін шешуге көмектеседі, олардың қарым-қатынас аясын кеңейтеді, оқуға деген мотивациясының дамуына ықпал етеді. Біздің ойымызша, білім беру студент офлайн оқыса да, онлайн оқыса да үздіксіз жалғаса береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Теория и практика дистанционного обучения: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Е.С.Полат, М.Ю.Бухаркина, М.В. Моисеева; Под ред. Е.С.Полат. – М.: Академия, 2004. – 416 с.
2. Ж.Керімова. Шет тілін оқытудағы әдістемелер мен коммуникативті бағыт // ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. № 4(57).2011 (<https://bulletinorientalism.kaznu.kz/index.php/1vostok/article/download/194/193/>).
3. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 368 бет.
4. Курбакова М.А. Способы оптимизации процесса обучения иностранному языку / [http://journals.tsu.ru/uploads/import/1477/files/3\(35\)\\_137.pdf](http://journals.tsu.ru/uploads/import/1477/files/3(35)_137.pdf)